



Қазақстан Республикасы  
экология және табиғи  
ресурстар министрлігі  
«ҚАЗГИДРОМЕТ» РМҚ

## 2024 жылғы қыркүйек айына АУА РАЙЫН БОЛЖАУ БЮЛЛЕТЕНІ



АСТАНА 2024



**Мазмұны**

Алғы сөз.....	4
Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес қыркүйек айының қысқаша климаттық сипаттамасы .....	5
Қыркүйек айында Қазақстан аумағы бойынша орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәні (кесте).....	6
2024 жылдың қыркүйек айында күтілетін орташа айлық температурасының мөлшерден ауытқуы.....	7
Қыркүйек айында көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма) .....	7
2024 жылдың қыркүйек айында күтілетін жауын-шашынның мөлшерінің нормадан ауытқуы .....	8
Қыркүйек айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма) .....	8
2024 жылы Қазақстан аймақтары бойынша қыркүйек айында күтілетін орташа ауа температурасы .....	9
Ауа райының облыстар бойынша графигі .....	10
2024 жылдың шілде айына облыстар бойынша консультативтік ауа райы болжамы .....	12
Батыс Қазақстан облысы .....	12
Атырау облысы .....	13
Маңғыстау облысы .....	14
Ақтөбе облысы .....	15
Қостанай облысы .....	16
Солтүстік Қазақстан облысы.....	17
Ақмола облысы .....	18
Павлодар облысы .....	19
Ұлытау облысы .....	20
Қарағанды облысы .....	21
Абай облысы .....	22
Шығыс Қазақстан облысы .....	23
Қызылорда облысы .....	24
Түркістан облысы .....	25
Жамбыл облысы .....	26
Алматы облысы .....	27
Жетісу облысы .....	28

## АЛҒЫ СӨЗ

Жарияланып отырған айлық ауа райы болжамы мыналарды қамтиды:

- ✓ көпжылдық мәліметтер бойынша айдың қысқаша климаттық сипаттамасы (барлық бақылау кезеңінде)
- ✓ республиканың облыстары бойынша ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің орташа көпжылдық мәндерден ауытқуының қысқаша сипаттамасы;
- ✓ суықтың (жылудың) ең маңызды толқындары, жауын-шашынды мерзімдер және ауа райының атмосфералық құбылыстары көрсетілген ауа райының өзгеру графиктері;
- ✓ республиканың әр облыстары бойынша ауа райы болжамының мәтіні;
- ✓ орташа айлық ауа температурасының орташа көпжылдық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ ауаның көпжылдық орташа айлық температурасының кеңістіктік таралуының картасы (30 жылдық норма);
- ✓ айлық жауын-шашынның мөлшері орташа көпжылдық айлық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ жауын-шашынның айлық мөлшерінің көпжылдық мәндерінің картасы (30 жылдық норма).

Болжам мәтінінде облыстар аумағындағы орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің шеткі мәндері келтірілген.

*Айлық ауа райын консультативтік кеңес ретінде пайдалану керек. Айлық ауа райын пайдаланған кезде, кейде ауа райының жүріс бағыты 3-тен 5 тәулікке дейін жылжуы, сонымен қатар айтылған ауа райы құбылыстарының қарқыны біршама ауытқуы ( $\pm 5^{\circ}\text{C}$ ) мүмкін екеніне ескеру қажет. Айлық ауа райы болжамдары 30-31, 10, 20 күндері онкүндік болжамдар арқылы нақтыланып отырады.*

Ауа райының айлық болжауын шығару мен оны анықтауға байланысты барлық мәселелер бойынша Гидрометорталықтың мына мекен-жайы бойынша хабарласуыңызды өтінеміз: 010000, Астана қ. Мәңгілік Ел көшесі 11/1.

Құрастырған АРҰМББ жетекші инженері: Бейсенбаева А.,

2 санатты инженер синоптик Саркулова А.

Аударған - АРҰМББ жоғары санатты техник: Масалимова Г.

тел. (7172) 79-83-95

Гидрометорталық директорының м. а.



**А. Кальменова**

## **Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес қыркүйек айының қысқаша климаттық сипаттамасы**

Қыркүйек – күздің бірінші айы. Қазақстанның барлық жерлерінде тамыз айымен салыстырғанда, ауаның температурасы  $+5+7^{\circ}\text{C}$ -қа төмендейді және көптеген бөлігінде  $+10+15^{\circ}\text{C}$ , батыс пен оңтүстікте  $+16+21^{\circ}\text{C}$ , Іле Алатауында  $+3+8^{\circ}\text{C}$  –ты құрайды.

Ауаның орташа тәуліктік температурасы қыркүйекте тәулігіне орта есеппен  $0,2-0,3^{\circ}\text{C}$ -қа төмендейді. Орташа тәуліктік температурасы  $+20^{\circ}\text{C}$  және одан жоғары болатын күндер саны оңтүстік облыстарда 10-15, солтүстікте 1-2 тәулігіне тең. Ауаның орташа тәуліктік температурасының  $10^{\circ}\text{C}$  арқылы өтуі Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарында екінші онкүндіктің соңында, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар және Қарағанды облыстарында үшінші онкүндікте, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарында –айдың соңында байқалады, оңтүстік аймақтарда бұл кезең қазан айына жылжиды.

Ауаның тұрақты төмендеуіне қарамастан абсолюттік максимумы жекелеген күндері  $+32+38^{\circ}\text{C}$ , ал оңтүстік облыстарда  $+40+43^{\circ}\text{C}$  және Іле Алатауының өзінде  $+19+25^{\circ}\text{C}$ –қа дейін жетуі мүмкін.

Үсік республиканың басым бөлігінде айдың бірінші жартысында, оңтүстікте – айдың соңында байқалады. Топырақ бетінде үсік өте қарқынды және жиі болады. Абсолюттік минимум басым облыстарда  $-10-14^{\circ}\text{C}$ , ал республиканың оңтүстігінде  $-6-10^{\circ}\text{C}$  дейін жетеді.

Жауын-шашынның мөлшері қыркүйекте тамызбен салыстырғанда жалпы температураның төмендеу кезінде ауаның ылғалдылығының бәсеңдеуі әсерінен азаяды. Жауын-шашынның қарқындылығы азайып, ұзақтығы ұзарады. Жауын-шашынның көпжылдық мөлшері (бұдан әрі - норма) батыста, солтүстікте, шығыс облыстарда және оңтүстік-шығыстың тау бөктерінде 20 мм-ден 37 мм-ге дейін, ал орталық және оңтүстік облыстардың кейбір аудандарында 10 мм-ден аз болып өзгереді. Бүкіл бақылау кезеңіндегі ең ылғалды аймақтар - оңтүстік-шығыстың (норма: 36-52 мм) және шығыстың (норма: 72-127 мм) таулары жатады.

Жауын-шашын көбінесе жаңбыр түрінде жауады. Солтүстік облыстарда қардың ерте түсуі айдың бірінші онкүндігінің соңында байқалуы мүмкін, ал кейбір жылдары екінші және үшінші онкүндіктерде қар жамылғысы өткінші түрде қалыптасуы мүмкін (1-2 тәулік).

Қыркүйекте күннің күркіреуі азаяды. Найзағай тамыз айына қарағанда 1-2 есе сирек бақыланады, тау бөктері мен таулы аудандарда айына 3-4 рет байқалады. Тұман сирек байқалады – республиканың солтүстігінде орта есеппен айына 1-2 рет байқалады.


**Қыркүйек айында Қазақстан аумағы бойынша орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәні.  
(норма 1991-2020 жж.)**

Облысы	ауа температурасы, °С	жауын-шашын мөлшері, мм
Батыс Қазақстан облысы	+14,0...+17,1	14...24
Атырау облысы	+16,5...+18,6	7...16
Маңғыстау облысы	+18,6...+20,8	5...11
Ақтөбе облысы	+12,0...+17,0	5...23
Қостанай облысы	+11,3...+15,9	7...31
Солтүстік Қазақстан облысы	+10,7...+11,6	22...34
Ақмола облысы	+10,2...+13,0	16...30
Астана қ.	+12,6	21
Павлодар облысы	+11,3...+12,9	18...26
Қарағанды облысы	+12,9...+16,7	4...22
Ұлытау облысы	+10,7...+16,7	2...14
Абай облысы	+10,7...+16,0	9...22
Шығыс Қазақстан облысы	+7,8...+15,6	14...56
Қызылорда облысы	+17,5...+19,9	2...4
Түркістан облысы	+12,5...+21,4	1...19
Шымкент қ.	+20,2	9
Жамбыл облысы	+10,7...+18,5	2...20
Алматы облысы	+4,5...+19,6	5...44
Алматы қ.	+18,0	28
Жетісу облысы	+11,0...+19,6	7...36


## 2024 жылдың қыркүйек айында күтілетін ауа температурасының орташа айлық мөлшерден ауытқуы

**Қыркүйек** айында ауаның орташа температурасы республиканың басым бөлігінде *нормадан 1° жоғары*, Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау облыстарында, Шығыс Қазақстан облысының басым бөлігінде, Абай облысының оңтүстік-шығысында, Түркістан, Жамбыл, Алматы және Жетісу облыстарының тау және тау бөктеріндегі аудандарында *норма шамасында* болады деп күтілуде.

### 2024 жылдың қыркүйек айында күтілетін орташа ауа температурасының нормадан ауытқуы




### Қыркүйек айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы ( норма 1991-2020 жж.)




## 2024 жылдың қыркүйек айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің ауытқуы

*Қыркүйек* айында жауын - шашын мөлшері республиканың басым бөлігінде *норма шамасында және нормадан аз*, Батыс Қазақстан облысында, Ақтөбе облысының солтүстік жартысында, Қостанай облысының солтүстік-батысында *нормадан көп* болады деп болжануда.

### 2024 жылдың қыркүйек айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің нормадан ауытқуы



### Қыркүйек айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері ( норма 1991-2020 жж)






## 2024 жылдың қыркүйек айында күтілетін орташа айлық ауа температурасы

Ауаның орташа айлық температурасы Қазақстанның басым бөлігінде +9+19°C, Маңғыстау, Түркістан облыстарының басым бөлігінде, Қызылорда облысының оңтүстік-шығысында, Жамбыл облысының жекелеген аудандарында +20+22°C, Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарының тау және тау бөктеріндегі аудандарында +5+8°C болады деп күтілуде.


### 2024 жылдың қыркүйек айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы




2003 жылға ұқсас.

2024 жылғы қыркүйек айына арналған Қазақстан облыстары бойынша ауа райы кестесі


Батыс Қазақстан облысы




Атырау облысы




Маңғыстау облысы




Ақтөбе облысы




Қостанай облысы




Солтүстік Қазақстан облысы




Ақмола облысы




Павлодар облысы




Ұлытау облысы




Қарағанды облысы




**Абай облысы**




**Шығыс Қазақстан облысы**




**Қызылорда облысы**




**Түркістан облысы**




**Жамбыл облысы**



**Алматы облысы**



**Жетісу облысы**



**Шартты белгілер:**

- |  |  |  |   |  |                                       |
|--|--|--|---|--|---------------------------------------|
|  | кей жерлерде жауын-шашын                               |  | қар   |  | бұршақ                                |
|  | аздаған жауын-шашын                                    |  | нөсерлі қар                                     |  | дауыл                                 |
|  | қар аралас жаңбыр                                      |  | ылғалды нөсерлі ы                               |  | найзағай                              |
|  | нөсерлі жаңбыр   |  | шаңды дауыл                                     |  | Кей жерлерде желдің 15-20 м/с күшейуі |
|  | көк тайғақ   |  | көк тайғақ                                      |  | жылдамдық                             |
|  | тұман  |  | тұман   |  | жылдамдық                             |
|  | бұрқасын   |  | бұрқасын  |  | жылдамдық                             |
|  | көпжылдық орташа тәуліктік ауа температурасының барысы |  | күндізгі ауа температурасының барысы            |  | түнгі ауа температурасының барысы     |
|  | түнгі ауа температурасының барысы                      |  | ауаның орташа тәуліктік температурасының барысы |  |                                       |

## Қазақстан облыстары бойынша 2024 жылғы қыркүйек айына консультативтік ауа райы болжамы

### Батыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық ауа температурасы  $+14,7 + 17,6^{\circ}\text{C}$  болады деп күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма:  $+14,0 + 17,1^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде*  $+14+19^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстік-шығысында  $+22^{\circ}\text{C}$ -тан  $+6+11^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+32+37^{\circ}\text{C}$ -тан  $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында  $+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасы *түнде*  $+6+11^{\circ}\text{C}$  – тан  $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+16+21^{\circ}\text{C}$ -тан  $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылайды деп күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжануда.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде*  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, топырақ бетінде үсік  $3^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+16+21^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде*  $+5+10^{\circ}\text{C}$  дейін, *күндіз*  $+22+27^{\circ}\text{C}$  дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан көп* болады деп күтілуде (норма: 14-24 мм).

Өткінші жаңбыр бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің басында және ортасында болуы мүмкін. Жел  $15-20\text{ м/с}$  бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің басында және ортасында болжанады.



## Атырау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+17,4+19,5^{\circ}\text{C}$ , болады деп күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма:  $+16,5+18,6^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде*  $+21+26^{\circ}\text{C}$ -тан  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-шығысында  $+7^{\circ}\text{C}$ , *күндіз*  $+34+39^{\circ}\text{C}$ -тан  $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжануда.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде*  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың шығысында  $+1^{\circ}\text{C}$ -тан  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+16+21^{\circ}\text{C}$ -тан  $+22+27^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжануда.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде*  $+5+10^{\circ}\text{C}$  дейін, облыстың солтүстігінде үсік  $2^{\circ}\text{C}$ , *күндіз*  $+15+20^{\circ}\text{C}$  дейін төмендейді деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасының *түнде*  $+9+14^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың оңтүстік-шығысында *нормадан аз* болады деп күтілуде (норма: 7-16 мм).

Өткінші жаңбыр екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Найзағай екінші онкүндіктің соңында болжанады. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Жел  $15-20$  м/с бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші онкүндіктің басында және соңында күтіледі.



## Маңғыстау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+19,5+21,5^{\circ}\text{C}$  болады деп күтілуде, бұл норма шамасында (норма:  $+18,6+20,8^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+23+28^{\circ}\text{C}$ -тан  $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында  $+16^{\circ}\text{C}$ -тан, күндіз  $+35+40^{\circ}\text{C}$ -тан  $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы болжануда.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+13+18^{\circ}\text{C}$ -тан  $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-шығысында  $+5^{\circ}\text{C}$ -қа, күндіз  $+26+31^{\circ}\text{C}$ -тан  $+21+26^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде  $+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде  $+3+8^{\circ}\text{C}$  дейін, күндіз  $+16+21^{\circ}\text{C}$  дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде  $+8+13^{\circ}\text{C}$  дейін, күндіз  $+21+26^{\circ}\text{C}$  дейін жоғарылауы күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың батыс жартысында норма шамасында, облыстың шығыс жартысында нормадан аз болады деп күтілуде (норма: 5-11 мм).

Өткінші жаңбыр бірінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында болжанады. Найзағай бірінші онкүндіктің соңында күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің соңында күтілуде. Жел 15-20 м/с бірінші, екінші онкүндіктердің соңында және үшінші онкүндіктің ортасында болжанады.



## Ақтөбе облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+13,2+18,2^{\circ}\text{C}$  болады деп күтілуде, бұл нормадан  $1^{\circ}$  жоғары (норма:  $+12,0+17,0^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының түнде  $+13+18^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде  $+10^{\circ}\text{C}$ -тан  $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+32+37^{\circ}\text{C}$ -тан  $37+42^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының түнде  $+3+8^{\circ}\text{C}$ , облыстың шығысында  $+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+22+27^{\circ}\text{C}$  дейін, облыстың солтүстігінде  $+17^{\circ}\text{C}$  дейін төмендеуі болжанды.

Екінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасы түнде  $0,+5^{\circ}\text{C}$  дейін, топырақ бетінде, облыстың солтүстігінде үсік  $2^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+15+20^{\circ}\text{C}$  дейін төмендейді деп күтілуде. Екінші жартысында ауа температурасының түнде  $+5+10^{\circ}\text{C}$  дейін, облыстың оңтүстік-батысында  $+15^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+24+29^{\circ}\text{C}$  дейін жоғарылайды деп күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасы төмендейді деп күтілуде.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасы түнде  $0,+5^{\circ}\text{C}$  дейін, топырақ бетінде үсік  $4^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+11+16^{\circ}\text{C}$  дейін төмендейді деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасының түнде  $+5+10^{\circ}\text{C}$  дейін, облыстың солтүстігінде үсік  $4^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+16+21^{\circ}\text{C}$  дейін, облыстың оңтүстігінде  $+24^{\circ}\text{C}$  дейін жоғарылайды.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында және нормадан аз, облыстың солтүстік жартысында нормадан көп болады деп күтілуде (норма: 5-23 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында және екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында күтіледі.



## Қостанай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+12,7+17,2^{\circ}\text{C}$  болады деп күтілуде, бұл нормадан  $1^{\circ}$  жоғары (норма:  $+11,3+15,9^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $10+15^{\circ}\text{C}$ -тан  $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+29+34^{\circ}\text{C}$ -тан  $+34+39^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде  $+5+10^{\circ}\text{C}$  дейін, күндіз  $+24+29^{\circ}\text{C}$  дейін төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасы түнде  $0,+5^{\circ}\text{C}$  дейін, топырақ бетінде үсік  $2^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+18+23^{\circ}\text{C}$  дейін төмендейді деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасының түнде  $+5+10^{\circ}\text{C}$  дейін, облыстың солтүстігінде  $+15^{\circ}\text{C}$  дейін, күндіз  $+23+28^{\circ}\text{C}$  дейін жоғарылайды деп күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстік-шығысында үсік  $5^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+9+14^{\circ}\text{C}$  дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде  $+5+10^{\circ}\text{C}$  дейін, топырақ бетінде үсік  $3^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+14+19^{\circ}\text{C}$  дейін, облыстың батысында  $+22^{\circ}\text{C}$  дейін жоғарылайды деп болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде норма шамасында, облыстың солтүстік-батысында нормадан көп болады деп күтілуде (норма: 7-31 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің бірінші жартысында болжанады. Найзағай екінші онкүндіктің басында болжануда. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің басында және ортасында күтіледі.





## Солтүстік Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+12,3+13,0^{\circ}\text{C}$  болады деп күтілуде, бұл нормадан  $1^{\circ}$  жоғары (норма:  $+10,7+11,6^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан  $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+25+30^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде  $+22^{\circ}\text{C}$ -тан  $+31+36^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде  $+5+10^{\circ}\text{C}$  дейін, күндіз  $+20+25^{\circ}\text{C}$  дейін, облыстың оңтүстігінде  $+15^{\circ}\text{C}$  дейін төмендеуі күтілуде.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, топырақ бетінде үсік  $2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+20+25^{\circ}\text{C}$ -тан  $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $-1-6^{\circ}\text{C}$ -тан  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде  $+7^{\circ}\text{C}$ -тан  $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында болады деп күтілуде (норма: 22-34 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші онкүндіктің басында және үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Найзағай бірінші онкүндіктің ортасында және соңында. Тұман үшінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің басында және соңында күтіледі.



## Ақмола облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+11,6+14,4^{\circ}\text{C}$  болады деп күтілуде, бұл нормадан  $1^{\circ}$  жоғары (норма:  $+10,2+13,0^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+9+14^{\circ}\text{C}$ -тан  $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде  $+22^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+26+31^{\circ}\text{C}$ -тан  $+31+36^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының түнде  $+5+10^{\circ}\text{C}$  дейін, күндіз  $+20+25^{\circ}\text{C}$  дейін төмендеуі күтілуде.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, топырақ бетінде үсік  $2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+20+25^{\circ}\text{C}$ -тан  $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $-2-7^{\circ}\text{C}$ -тан  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың орталығында  $+7^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың солтүстігінде  $+6^{\circ}\text{C}$ -тан  $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында болады деп күтілуде (норма: 16-30 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің соңында болады деп болжануда. Жауын-шашын (жаңбыр, жылбыскы қар) үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Найзағай бірінші онкүндіктің соңында. Тұман айдың ортасында болуы мүмкін. Жел  $15-20$  м/с бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында және соңында күтіледі.



## Павлодар облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+12,6+14,2^{\circ}\text{C}$  болады деп күтілуде, бұл нормадан  $1^{\circ}$  жоғары (норма:  $+11,3+12,9^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+24+29^{\circ}\text{C}$ -тан  $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі күтілуде.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, топырақ бетінде үсік  $2^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+18+23^{\circ}\text{C}$ -тан  $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың батысында  $+13^{\circ}\text{C}$ -тан  $-1-6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+18+23^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың шығысында  $+26^{\circ}\text{C}$ -тан  $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+5^{\circ}\text{C}$  төмендеуі болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында болады деп күтілуде (норма: 18-26 мм).

Жаңбыр екінші онкүндіктің бірінші жартысында, үшінші онкүндіктің басында және соңында күтіледі. Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) үшінші онкүндіктің басында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің басында және соңында болжанады.



## Ұлытау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+14,3+17,8^{\circ}\text{C}$  болады деп күтілуде, бұл нормадан  $1^{\circ}$  жоғары (норма:  $+12,9+16,7^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -тан  $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+30+35^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың шығысында  $+26^{\circ}\text{C}$ -тан  $+35+40^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының түнде  $+5+10^{\circ}\text{C}$  дейін, облыстың шығысында  $+12^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+24+29^{\circ}\text{C}$  дейін төмендеуі күтілуде.

Екінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, күндіз  $+24+29^{\circ}\text{C}$ -тан  $+19+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың шығысында  $+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың орталығында үсік  $2^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+24+29^{\circ}\text{C}$ -тан  $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың шығысында  $+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормадан аз, облыстың солтүстігінде норма шамасында болады деп күтілуде (норма: 4-22 мм).

Жаңбыр, найзағай екінші және үшінші онкүндіктердің басында күтіледі. Жауын – шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) - үшінші онкүндіктің басында болжануда. Шаңды дауыл екінші онкүндіктің басында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с екінші және үшінші онкүндіктердің басында күтіледі.



## Қарағанды облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+12,0+17,5^{\circ}\text{C}$  болады деп күтілуде, *нормадан  $1^{\circ}$  жоғары* (норма:  $+10,7+16,7^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде*  $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан  $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстік-шығысында  $+21^{\circ}\text{C}$ , *күндіз*  $+28+33^{\circ}\text{C}$ -тан  $+33+38^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі күтілуде.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде*  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстігінде  $+13^{\circ}\text{C}$ -тан  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, топырақ бетінде үсік  $2^{\circ}\text{C}$ -тан, *күндіз*  $+23+28^{\circ}\text{C}$ -тан  $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде  $+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде*  $+3+8^{\circ}\text{C}$ -тан  $-1-6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+23+28^{\circ}\text{C}$ -тан  $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде  $+9^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың оңтүстік жартысында *нормадан аз*, облыстың солтүстік жартысында *норма шамасында* болады деп күтілуде (норма: 2-14 мм).

Өткінші жаңбыр екінші онкүндіктің басында және үшінші онкүндіктің бірінші жартысында күтіледі. Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) үшінші онкүндіктің басында болжанады. Найзағай екінші және үшінші онкүндіктердің басында болуы мүмкін. Тұман айдың соңында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің басында және ортасында, екінші онкүндіктің және үшінші онкүндіктің басында күтіледі.



## Абай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+11,9+17,1^{\circ}\text{C}$  болады деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *нормадан  $1^{\circ}$  жоғары*, облыстың оңтүстік-шығысында *норма шамасында* (норма:  $+10,7+16,0^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде*  $+6+11^{\circ}\text{C}$ -тан  $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+19^{\circ}\text{C}$ , *күндіз*  $+23+28^{\circ}\text{C}$ -тан  $+28+33^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі күтілуде.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде*  $+6+11^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстігінде  $+15^{\circ}\text{C}$ -тан  $+1+6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, топырақ бетінде үсік  $2^{\circ}\text{C}$ -тан, *күндіз*  $+23+28^{\circ}\text{C}$ -тан  $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстік-батысында  $+15^{\circ}\text{C}$  дейін ауытқуы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының  $+6+11^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың орталығында  $+17^{\circ}\text{C}$ -тан  $-2-7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+23+28^{\circ}\text{C}$ -тан  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың батысында  $+5^{\circ}\text{C}$  дейін төмендеуі болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері солтүстікте, шығыста және оңтүстік-шығыста *норма шамасында*, оңтүстікте, орталықта және оңтүстік-батыста *нормадан аз* болады деп күтілуде (норма: 9-22 мм).

Жаңбыр екінші онкүндіктің басында, жиі үшінші онкүндікте болады деп күтілуде. Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) - үшінші онкүндіктің соңында болжануда. Найзағай екінші онкүндіктің басында күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндіктің басында болуы мүмкін. Жел  $15-20$  м/с бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші онкүндіктің басында, жиі үшінші онкүндікте болжанады.



## ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Ауаның орташа айлық температурасы  $+8,3+16,2^{\circ}\text{C}$  болады деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың солтүстік-батысында *нормадан  $1^{\circ}$  жоғары* (норма:  $+7,8+15,6^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде*  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -тан  $+10+15^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+22^{\circ}\text{C}$ , *күндіз*  $+21+26^{\circ}\text{C}$ -тан  $+27+32^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжануда.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде*  $0,+5^{\circ}\text{C}$  дейін, топырақ бетінде үсік  $3^{\circ}\text{C}$ , *күндіз*  $+14+19^{\circ}\text{C}$  дейін, тау және тау бөктеріндегі аудандарда  $+10^{\circ}\text{C}$  дейін төмендейді деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасының *түнде*  $+3+8^{\circ}\text{C}$  дейін, облыстың оңтүстігінде  $+13^{\circ}\text{C}$ , *күндіз*  $+19+24^{\circ}\text{C}$  дейін, облыстың солтүстік-батысында  $+27^{\circ}\text{C}$  дейін жоғарылауы болжануда.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде*  $+3+8^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстігінде  $+13^{\circ}\text{C}$ -тан  $-3-8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+19+24^{\circ}\text{C}$ -тан  $+8+13^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, тау және тау бөктеріндегі аудандарда  $+2+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* болады деп күтілуде (норма: 14-56 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің бірінші жартысында, жиі үшінші онкүндікте болуы мүмкін. Жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) - үшінші онкүндіктің соңында болжануда. Найзағай бірінші онкүндіктің басында және соңында күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Тұман айдың соңында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с екінші онкүндіктің бірінші жартысында, жиі үшінші онкүндікте болжанады.



## Қызылорда облысы

Айдағы орташа ауа температурасы  $+18,9+21,3^{\circ}\text{C}$  болады деп күтілуде, бұл нормадан  $1^{\circ}$  жоғары (норма:  $+17,5+19,9^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының түнде  $+16+21^{\circ}\text{C}$ -тан  $+11+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде  $+6^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+35+40^{\circ}\text{C}$ -тан  $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде  $+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде  $+4+9^{\circ}\text{C}$  - қа дейін, күндіз  $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың солтүстігінде  $+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін одан әрі төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде  $+9+14^{\circ}\text{C}$  дейін, облыстың солтүстігінде  $+19^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+28+33^{\circ}\text{C}$  дейін жоғарылайды деп күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының түнде  $0,+5^{\circ}\text{C}$  дейін, облыстың солтүстігінде үсік  $2^{\circ}\text{C}$ , күндіз  $+16+21^{\circ}\text{C}$  дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының түнде  $+5+10^{\circ}\text{C}$  дейін, күндіз  $+21+26^{\circ}\text{C}$  дейін жоғарылауы болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан аз болады деп күтілуде (норма: 2-4 мм).

Жаңбыр, найзағай екінші және үшінші онкүндіктердің басында күтіледі. Шанды дауыл бірінші онкүндіктің ортасында болуы мүмкін. Жел  $15-20 \text{ м / с}$  - әр онкүндіктің басында болжануда.





## Түркістан облысы

Айдағы орташа ауа температурасы  $+13,8+22,7^{\circ}\text{C}$  болады деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *нормадан  $1^{\circ}$  жоғары*, облыстың қиыр оңтүстік-шығысында *норма шамасында* (норма:  $+12,5+21,4^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде*  $+20+25^{\circ}\text{C}$ -тан  $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+35+40^{\circ}\text{C}$ -тан  $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, тау және тау бөктеріндегі аудандарда  $+30^{\circ}\text{C}$ -тан  $+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде*  $+7+12^{\circ}\text{C}$  дейін, *күндіз*  $+22+27^{\circ}\text{C}$  дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде*  $+4^{\circ}\text{C}$ , *күндіз*  $+13^{\circ}\text{C}$  дейін одан әрі төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде*  $+12+17^{\circ}\text{C}$  дейін, *күндіз*  $+27+32^{\circ}\text{C}$  дейін, облыстың оңтүстігінде  $+35^{\circ}\text{C}$  дейін жоғарылайды деп күтілуде.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде*  $+7+12^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстігінде  $+17^{\circ}\text{C}$ -тан  $+2+7^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+22+27^{\circ}\text{C}$ -тан  $+17+22^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың таулы аудандарында  $+10+12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *нормадан аз*, облыстың тау және тау бөктеріндегі аудандарында *норма шамасында* болады деп күтілуде (норма: 1-19 мм).

Өткінші жаңбыр бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Найзағай екінші онкүндіктің басында. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің ортасында, екінші және үшінші онкүндіктердің басында және ортасында күтіледі.



## Жамбыл облысы

Айдағы орташа ауа температурасы  $+14,9+20,9^{\circ}\text{C}$  болады деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *нормадан  $1^{\circ}$  жоғары*, облыстың тау және тау бөктеріндегі аудандарда *норма шамасында* (норма:  $+10,7+18,5^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде*  $+13+18^{\circ}\text{C}$ -тан  $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+29+34^{\circ}\text{C}$ -тан  $+34+39^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде*  $+11+16^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың оңтүстігінде  $+20^{\circ}\text{C}$ -тан  $+3+8^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+27+32^{\circ}\text{C}$ -тан  $+19+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстік-батысында  $+16^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде*  $+11+16^{\circ}\text{C}$ -тан  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+8^{\circ}\text{C}$ , *күндіз*  $+27+32^{\circ}\text{C}$ -тан  $+15+20^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде*  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -тан  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+15+20^{\circ}\text{C}$ -тан  $+20+25^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *нормадан аз*, облыстың тау және тау бөктеріндегі аудандарда *норма шамасында* болады деп күтілуде (норма: 2-20 мм).

Өткінші жаңбыр бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Найзағай бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндік және үшінші онкүндіктің басында болжануда. Жел 15-20 м/с екінші онкүндіктің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің басында күтіледі.



## Алматинская область

Ауаның орташа айлық температурасы  $+5,3+20,6^{\circ}\text{C}$  болады деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *нормадан  $1^{\circ}\text{C}$  жоғары*, облыстың оңтүстік-шығысында *норма шамасында* (норма:  $+4,5+19,6^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде*  $+8+13^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың таулы аудандарында  $+5^{\circ}\text{C}$ -тан  $+13+18^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, облыстың оңтүстігінде  $+23^{\circ}\text{C}$ , *күндіз*  $+25+30^{\circ}\text{C}$ -тан  $+30+35^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжануда.

Екінші онкүндікте ауа температурасы *түнде*  $+2+7^{\circ}\text{C}$  дейін, *күндіз*  $+19+24^{\circ}\text{C}$  дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде*  $-1-6^{\circ}\text{C}$ , *күндіз*  $+4+9^{\circ}\text{C}$  дейін төмендейді деп күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы болжануда.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде*  $+8+13^{\circ}\text{C}$  дейін, облыстың солтүстігінде  $+18^{\circ}\text{C}$ , *күндіз*  $+25+30^{\circ}\text{C}$  дейін одан әрі жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде*  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -тан, топырақтың бетінде үсік  $3^{\circ}\text{C}$ -тан  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+14+19^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың таулы аймақтарында  $+7^{\circ}\text{C}$ -тан  $+19+24^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *нормадан аз*, облыстың тау және тау бөктеріндегі аудандарында *норма шамасында* болады деп күтілуде (норма: 5-44 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндіктің соңында, екінші және үшінші онкүндіктердің басында және ортасында болады деп күтілуде. Найзағай бірінші онкүндіктің соңында, екінші және үшінші онкүндіктердің басында болжануда. Жел  $15-20$  м/с бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің басында және ортасында болжанады.



## Жетісу облысы

Ауаның орташа айлық температурасы  $+11,7+18,8^{\circ}\text{C}$  болады деп күтілуде, бұл облыстың солтүстік-батыс жартысында *нормадан  $1^{\circ}\text{C}$  жоғары*, облыстың оңтүстік-шығыс жартысында *норма шамасында* (норма:  $+11,0+19,6^{\circ}\text{C}$ ).


Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде*  $+9+14^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың таулы аймақтарында  $+3^{\circ}\text{C}$ -тан  $+14+19^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+27+32^{\circ}\text{C}$ -тан  $+32+37^{\circ}\text{C}$ -қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде*  $+4+9^{\circ}\text{C}$  дейін, *күндіз*  $+18+23^{\circ}\text{C}$  дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде*  $-1^{\circ}\text{C}$ , *күндіз*  $+13^{\circ}\text{C}$  дейін одан әрі төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы болжануда.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде*  $+10+15^{\circ}\text{C}$  дейін, облыстың шығысында  $+19^{\circ}\text{C}$ , *күндіз*  $+24+29^{\circ}\text{C}$  дейін одан әрі жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде*  $0,+5^{\circ}\text{C}$ -тан, облыстың таулы аймақтарында  $-4^{\circ}\text{C}$ -тан  $+5+10^{\circ}\text{C}$ -қа дейін, *күндіз*  $+13+18^{\circ}\text{C}$ -тан  $+18+23^{\circ}\text{C}$ -қа дейін ауытқуы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *нормадан аз*, облыстың тау және тау бөктеріндегі аудандарында *норма шамасында* болады деп күтілуде (норма: 7-36 мм).

Өткінші жаңбыр үшінші онкүндіктің басында және ортасында болжанады. Найзағай үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің басында және ортасында болжанады.





Қазақстан Республикасы  
Астана қ-сы  
Мәңгілік Ел к-сі 11/1  
тел: 8(7172)79-83-95  
E-mail:  
Udpp@meteo.kz



Республика Казахстан  
г.Астана  
ул.Мәңгілік Ел 11/1  
тел: 8(7172)79-83-95  
E-mail:  
Udpp@meteo.lz